

Әбдіразакова А., Сарышева К.

**«Ақмешіт апталығы»  
газетіндегі мақалалардың  
тақырыптық, тілдік-стильдік  
ерекшеліктері**

Мақалада Қызылорда облысында жарық көрген түнғыш тәуелсіз басылым «Ақмешіт апталығы» газетіндегі мақалалардың тақырыптық, және стильдік ерекшеліктері талданады. 20 жылдық тарихы бар газеттің бүгінгі бет-бейнесі мен негізгі көтеретін тақырыптары, мәселелері нақтыланған. Билік пен қарапайым халық арасындағы алтын көпір іспетті басылым бетінен осы аймақ туралы ақпарат беретін мақала жанрының өзіндік ерекшеліктерін саралтай отырып, тілдік тұрғыдан талдауға басымдық береді. Сонымен бірге газет бетіндегі көптеген тақырыптар мен тақырыпшалар көрі бағалауыштық (отрицательная) жағымсыз лексикадан тұратындығы, тақырыптарда аузызекі сөйлеу лексикасы элементтерінің анық көрінетіндігі, бағалауыштық лексемалардың көп байқалатындығы да нақты мысалдармен талданған.

**Түйін сөздер:** газет, мерзімді басылым, тіл, стиль, жанр, мақала, тақырып, лексика, фразеологиялық тіркес.

Abdratzakova A., Sarisheva K.

**Topical, Linguistic and Stylistic  
peculiarities of articles in  
newspaper «Akmeshit Aptalygy»**

The given article deals with the topical, linguistic and stylistic peculiarities of articles issued in the first independent newspaper «Akmeshit Aptalygy» of Kyzylorda region. The image of the newspaper with 20 years history and its core topics and problems are focused. The linguistic features of publication has been concerned analyzing the specific peculiarities of articles which spread out information on the activities among the people and local authority. Topics and their subtitles issued on the newspaper is observed to keep lexis with negative meanings, elements of colloquial words that are analyzed in exact examples.

**Key words:** newspaper, periodicals, language, style, genre, article, topic, lexis, phraseological unit.

Әбдіразакова А., Сарышева К.

**Тематические, языковые  
и стилистические особенности  
статьей, опубликованных  
в газете «Ақмешіт апталығы»**

В данной статье анализируются тематические и стилистические особенности статей, опубликованных в газете «Ақмешіт апталығы» – первом независимом периодическом издании Кызылординской области. Авторы статьи рассматривают современную тематику, проблемы, поднимаемые в газете, имеющей 20-летнюю историю. Газета является связующим звеном между властью и народом: в статьях, опубликованных в названной газете, рассказывается о событиях, о мероприятиях, происходящих в области. В статье анализируются жанровые, языковые особенности опубликованных статей.

**Ключевые слова:** газета, периодическое издание, язык, стиль, жанр, статья, тема, лексика, фразеологический оборот.

**«АҚМЕШІТ  
АПТАЛЫҒЫ»  
ГАЗЕТИНДЕГІ  
МАҚАЛАЛАРДЫҢ  
ТАҚЫРЫПТЫҚ,  
ТІЛДІК-СТИЛЬДІК  
ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Сыр өнірінде ақпараттық еркіндік пен ашық қоғам орнаудағы еркін басылымдардың алғашқы қарлығаштарының бірі, әрі бірегей «Ақмешіт апталығы» газетінің жарық көргеніне де 20 жылдан астам уақыт болды. Алғашқы баспадан шығып, оқырмандар қолына тиғен кезінен бастап, еліміздің саяси тұрақтылығы, ұлттық мұддеміз бен аймағымыздың экономикалық жағынан дамуына, халық өмірінің жақсаруына зор үлес қосып келе жатқан басылым беделі қалыптасып, өз оқырмандар сапын түзегені де шындық. Бүгінгі күні көтерілетін тақырып та, түйіні қын мәселелер де жетерлік. Қоғамдағы, күнделікті тірлігіміздегі кемшиң тұстарды да бүкпесіз айтып, керек жерінде сынап та алуын қалайтынымыз да рас. Алғаш шыққан жылдарда осындағы бағыт ұстағаннан болар көпшілік бұл басылымды ақиқаттың алдаспаны деп таниды, жиырма жылдан бері ұстанған бағытынан біршама ауытқыса да шындық үшін шырлдайтын материалдарды кездестіріп жатамыз.

Сыр өніріндегі тұңғыш тәуелсіз «Ақмешіт апталығы» газеті алғашында Қызылорда облыстық тіл басқармасының таңымдық, ақпараттық-жарнамалық басылымы ретінде жарыққа шыққан. Басылым 1994 жылдың 14 сәуірінен бастап Қазақстан Республикасының баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігінде тіркеліп, №890 куәлігі берілген. Газет құрылтайшысы «Сырдария» және «Әділжол» шағын кәсіпорындары болып табылған. Алғаш шыққан жылы газет 3000 данамен тараса, 1995 жылы 3100 данага, ал жыл соңында 4400 данага өскен. Газеттің негізін қалаған – Әділхан Баймен. Ол 1994-2004 жылдар аралығында газетте редактор болған. Ал, бас редактордың орынбасары қызметін Аманжол Сақыпұлы атқарды. Басылым Қазақстан Журналистер Одағы облыстық үйімінің, облыстық білім басқармасының, «Ақмешіт» жабдықтау-өткізу компаниясының, облыстық еңбек басқармасының мүддесін көздеңген. 2000 жылдан бастап газет Сыр елінің ақпараттық-танымдық басылымы на айналды.

Қазақ тіл білімінде газет жанрларының тілі мен стилі көп зерттеле қойған жок, көбінесе көркем әдебиет жанрлары шеңберінде қарастырылып жүргені белгілі. Көркем шығарма тілін талдау негізін К. Жұбанов, С. Аманжолов, М. Әуезов, К. Жұмалиев, М. Балақаевтар қалыптастырған болса, одан әрі жетілдіре түс-

кен Р.Сыздықова, Х.Кәрімов, Б.Шалабаев т.б. ғалымдар болды. Әсіреле, көркем мәтінге лингвистикалық талдау жүргізуді арнайы мәселе етіп көтерген, ғылыми еңбек арнап, оқу құралдарын жазған Р.Сыздықова мен Б.Шалабаевтар дер едік. Ғалымдардың бірлесе еңбек етуі нәтижесінде «Көркем тексті лингвистикалық талдау» [1] атты оқу құралы жарыққа шықты.

Газет бетіндегі көптеген тақырыптар мен тақырыпшалар кері бағалауыштық жағымсыз лексикадан тұрады. Дәл осында тақырыптарда ауызекі сейлеу лексикасы элементтері анық білінеді және бағалауыштық лексемалардан тұрады: «Озғанбайша тонау», «Өз баласын өлімге қиған...» т.б. байқағанымыздай, тақырыптардың мұндай тобы ауызекі сейлеу тіліне жақын. Олар тұра және жанама мағынадағы тұрақты тіркестер және трансформацияланған сөздер түрінде де келеді. Бұндай мысалдарға «Аракқа ма, әлде адамға ренжіміз бе?» (АА, 15 тамыз 2013 жыл), «Асты қорлау астамшылық емес пе?» (АА, 10 сәуір 2014 жыл), «Тұрмеде отырған ой бөліседі» (АА, 12 наурыз 2012 жыл), «Ашық аспан астындағы «Алай базар», «Қаладағы көз сүрінер базарлар мен ондағы сауда мәдениеті жайлы бірер сөз» (АА, 5 тамыз 1994 жыл), «Қылықты қызы, арқа сүйер ұл бар ма?» (АА, 24 қыркүйек 1995 жыл), «Ұрлық-карлық, зорлық-зомбылық» (АА, қараша 1995 жыл) тақырыптарды да жатқызуға болады.

Айтулы даталар мен оқигалардан хабардар ететін, мағыналық-құрылымдық бірлікпен тұтасқан «Ертең-халықаралық әйелдер күні» (АА, 7 наурыз 1996 жыл), «Бүгін-Женіс күні» (АА, 9 мамыр 1997 жыл), «Отан қорғаушылар күні» (АА, 7 мамыр 2010 жыл), «Жаңа әкімдер тұрғындарға таныстырылды» (АА, 3 тамыз 2013 жыл), «Достық жыры шырқалған күн!» (АА, 1 мамыр 2014 жыл) т.б. секілді тақырыптар қоғамдық-саяси лексика элементтері қатысымен жасалып, хабарлы, лепті сойлем түрлерінде келеді.

Кейде тақырып, тақырыпша, мәтін – бір мағыналық-құрылымдық бірлікті, бір ғана тұтасқыты танытады. Мұндайда бәрінің мағыналық бірлігін, құрылымы жағынан тұтастығын танытып, басын біріктіріп тұратын ұйытқы не болмаса тірек сөз болатындығын байқауға болады. Мысалы, «Сылбырдың аты шылбырына сүрінеді самарқаулық пен селкостықтың салдарынан «тіл шаруашылығы» кенжелеп келе жатыр» (АА, 5 қазан 2011 жыл), «Ажары артқан Ақтөбе Қызылорда. Ақтөбе облысының мәдениет күндері өтуде» (АА, 24 сәуір 2014 жыл), «Қазақстан жолы -2050: бір мақсат, бір мұдде, бір болашақ

Қазақстан Республикасының президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы» (АА, 23 қантар 2014 жыл), «Рухани күш сыйламақ ақсарапы, әз-Наурыз салт-дәстүрден басталады» (АА, 6 наурыз 2014 жыл), «Берекелі тірліктің биік ордасына айналған – Қызылорда» (АА, 13 ақпан 2014 жыл), «Қала әкімдігінің мекен-жайы өзгерді, жаңа ғимаратты болды» (АА, 3 сәуір 2014 жыл) және т.б.

Тақырып, тақырыпша және мәтін арасын мағыналық жағынан тұтастыра байланыстырып, ұйытқы болып тұрған бір ғана сөз бар. Соңғы мысалда ол Қызылорда сөзі болып табылады. Ол мәтінде өте жиі қолданылады. Келтірілген мысалда тақырыпты тақырыпша анықтап, мағынасын ашып тұр. *Tіrек* немесе *ұйытқы* сөз мәтінде ой жүгін арқалайды, текст жеткізуге тиісті мағына оның семантикасына топтастырады, сондай-ақ осы сынды *ұйытқы* сөздердің әлеуметтік өмір мен тілге қатыстылығы деңгейін дәрежеде болады.

1994-2014 жылдар аралығындағы басылым материалдарын тақырыптық жағынан жүйелейтін болсақ, бұл жылдары тіршіліктегі түйіні көп мәселелер мен тарихи құндылықтарға негізделген тақырыптар жиі көтерілген. Бабалар мұрасын дәріптейтін материалдар өте жиі жарық көрген. Оған дәлел М.Шоқай, Сәрке батыр туралы материалдар, сонымен бірге тәуелсіздікке қол жеткізуге мұрындық болған Алаш зиялыштары туралы да мақалалар көптеп орын алған. Басылымда бұл жылдары Ә.Бәймен редакторлық етті.

2004-2007 жылдар аралығында ана тілі, ұлттық болмыс, айтыс, әдеби мұра туралы көп тақырыптар көтерілген. «Жастардың отаншылдығы – болашақтың жарқын бейнесі», «Ақының ақынға құрмет», «Аралдың мәселесі бір жобамен бітпейді», «Тәлім табалдырықтан басталуы тиіс», «Жастық шағым сарғаймаса екен», «Маскүнem ұлдың әкесі болғаныма өкінемін», «Мәнсіз махаббат» атты тақырыптарды ерекше атауға болады. Н.Көбебенұлы редакторлық еткен тұста сатиравы қылғармаларға көбірек орын берілген.

2007-2008 жылдар аралығында Нұржан Әбжанұлы редакторлық келді. Осы жылдары басылым «Ел есіндегі есімдер», «Ел аузынан» айдарларымен толықты. Тарихи материалдар жиі жарық көрді. Ақпарат түрлі жанрларда беріле бастады. Дербес заметкалар жиі көрініс тапты.

2009-2011 жылдар аралығында жас журналист Н.Сауяев редакторлық етіп, өткір, сыни материалдар жариялана бастады. «Тұнгі судың хикаясы», «Әкімшілік қабырғаның құлағанын

күтіп отыр екен», «Кері кеткендер «Келінді» түсірді немесе қазағым қайда барасын?», «Майдангерге зейнетакы өз дәрежесінде төленуде», «Тұжырымдама Мәсімовті жұмыссыз қалдыруы мүмкін», «Өнегелі өмір», «Қайыршыны қайыршы түсінеді», «Аға буын кімге сенбек?», «Сынақтан сұрінгендер түрмемен қауышады» атты тақырыптарды атауға болады. Жергілікті биліктің іс-қимылдары жіті қадағаланып, өз оқырмандарының мұн-мұқтажына көп көңіл бөлгендігін байқады.

«Ақмешіт апталығы» басылымының 2014 жылғы 3 сәуірдегі №13 санында «Интернет іріміне үйріп тұр» тақырыбында мақала жарық көрген. Авторы: К.Байегіз. «Бұғінде елімізде интернет әлемі өрістеп тұр. Интернетсіз өмір қызық болмай бара жатқандай. Әсіресе жастар үшін осылай көрінетін секілді. Жасыратыны жоқ, ғаламтор өміріміздің өзегіне айналған заманда Интернет арқылы оку мен басқа да ақпараттар алудың құралы ғана емес, басқа да бей-әдеп ойындардың алаңына айналуы, жас өскіндерге оның тигізтер зияны мен қаупі көп болып тұр. Қазір онлайнсыз жастардың уақыты өтпей қалды. Бірде, бір досым отырып, баласына деген ренішін жеткізді. «Ауылда қызың құрып қалғандай, бір күні балам интернет желісі арқылы Атыраудың қызымен танысыпты. Содан аты-жөні жоқ, ойда-жоқта, балам аяқ астынан нілдей бұзылып, сол қызды аламын деп қарап отыр. «- Эй, сен бұрын үйленемін» – деп айтпаушы едің ғой, не болып қалды? Үйленгенің дұрыс-ақ, бірақ, той қамы дегеннің өзі оңай шаруа емес, қашшама дайындық керек, деймін ғой баяғы. Ал мейлі, сонда «кімге үйленесін» деп сұраймыз ғой баладан. Сөйтсек, өзі танып-білмейтін, сол «Интернет арқылы танысқан Атыраудың қызына үйленемін» дейді. Сенің денің дұрыс па, оны сен танымайсың да ғой деп күйіп-піскеніме қарайтын түрі жоқ» деп, жас жігіттің басынан өткен оқиғасын баяндаіттырып, бұғінгі жастар тәрбиесіне, тағдырына интернеттің қаншалықты зиян тигізіп отырғандығын әңгімеге арқау етеді. Мақаланың соңында «Бұғінгідей технология дами түсken заманда интернет ірімі балаларды үйріп тартып тұрған шакта одан сақтанудың амалын көп болып қарастырган дұрыс. Айттар ой-пікірініз болса, біздің редакцияға хат жолдауларыңызға болады» [2],-деп ойын аяқтайды автор. Атамыш мақалада проблема көтерілген, орын алған бірнеше фактілер берілген.

Газет тілшісі Айнұр Төремұратованың «Қазыналы тілді «базыналы» тіл етпейік» атты мақаласы жарық көрген. Автор қазақ тілі әлемде-

гі ең бай әрі құнарлы тілдердің ішінде үшінші орынды алатындығы, сондықтан, бұл сатыдан төмен түспес үшін, жүргегі қазақ деп соққан әрбір азамат өзелі өзі сезініп, содан кейін өзгелерге үлгі бола білу керек деген ой айтады. Мақалада «Қазақ халқының біртуар азаматы, Алаш арыстарының бірі Ахмет Байтұрсынов «Тілі жоғалған ұлттың, өзі де жоғалады» деген болатын. Өз заманының занғар ойшылы бұл сөзді тегін айтпаса керек. Ұлт қамын ойлаған ұлықты жан өзі өмір сүрген заманда қазақ тілінің қалыптасуына өзіндік қолтаңбасын қалдырғаны белгілі. Ұлт игілігінің басты құндылығы тіл деп қарап, соның жолында бар өмірін сарп еткен XX ғасырдың арыстай азаматы болатын. Міне, сол заманда көтерілген тіл мәселесі қуні бүгінге дейін өз құндылығын жоғалтқан жоқ. Қайта көрісінше, қазақ тілін дамыту жолында біраз ауқымды істер атқарылып жатыр... Мемлекет қазынасынан қазақ тілін өркендетуге қомақты қаржы бөлініп, соның негізінде түрлі бағдарламалар жүзеге асырылып, жүйелі жұмыстар атқарылуда. Қыруар шаруалар тіл жанашырларының басы-қасында болып, тікелей атсалысуымен іске асырылып келеді»[3]-деп кала орталығындағы көше аттарына катысты пікірлерді, сонымен қатар, көшедегі жарнамаларға да көңіл бөлініп, арнайы жүргізілген рейд игілігімен көтпеген сауда орындарының аттары талапқа сай еместігі де сынға алынған.

Ал, Қожахметова Гаухардың «Белсіздік белен алып тұр...» [4] атты проблемалық мақаласында сайын далада еркін өскен ата-баба тарихының жылнамасын шолғанда, қазақ жігіттерінің тау тұлғалы батырларын қозғе елестетіп, атпалдай азаматтарымызбен мақтанатындығымыз, шеңжірелі ел ұландарының болмыс-бітімі Толагайдай алып болғандығын, ұлы классиктеріміздің тарихи туындыларын оқығанда да бабалардың өр тұлғасы, мінген аты шебер суреттегіндігін айта келіп, ұлт болашағына қатер бол жабысқан «белсіздік», «бедеулік» деген сөз тіркестері ол заманда кездеспегендігі әңгіме болады. Ал, қазір еркектер арасында бедеулік, белсіздік дегендер белен алып бара жатқандығына оқырман көnlін аударады. Мәселенің маңыздылығын дәлелдей тұсу үшін облыстық медициналық орталықтың уролог-дәрігері, медицина ғылымының кандидаты Әмірхан Тұрмажамбетовтің пікірін берген-дігімен де құнды. А.Сайдулланың «Мемлекеттік рәміздерге жоғары талап керек» тақырыбындағы мақаланың да көтерер жүгір салмақты [5].

2014 жылдың №10 санында «Әлем әйелдермен әдемі» тақырыбындағы бас мақалада Жер-Ананы шуғағына бөлеген гүл көктемнің

алғашқы аптасты асыл жанды аналарымыздың, аруларымыздың мереілі мерекесінен бастау алатындығы айтыла келіп, барлық оқырмандарды осы мерекемен құттықтайды. «Қыстың сүйкі күрсауынан шыққан табигаттың күннен нәр алып, өңі кіретін атаулы мезгілі нәзік жандылардың құлпырған келбеті, бал-бұл жайнаған жүзімен арайлана түспек. Осындайда адамдардың жүзінен ерекше қуаныштың лебі есіп, көңіл-күйдің өзгеше әлемде болатыны ғажап...» деген жолдардан көктемнің алғашқы мерекесіне деген құрметті байқаймыз.

«Ақмешіт апталығы» газетіндегі «Елбасы Жолдауы – болашақ шамшырағы» атты коментарийде Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың жыл сайынғы Қазақстан халқына Жолдауы – еліміздің қоғамдық-саяси өміріндегі маңызды тарихи оқиға са-

налатындығы айтылады. «Жасампаз Жолдау ел жүргегінде» айдары аясында осы Жолдау туралы оқырмандар пікірі, талдаулары жарық көреді. Мысалы «Жолбастар тарихи құжат», «Жасампаз жоба жастарды қанаттандырады», «Кемел келешектің негізі», «Жастар саясатын жүзеге асыруда белсенділік қажет» тақырыптарындағы материалдарды атауга болады. Ал газеттің 2014 жылғы 13 наурызындағы санында «Тазалық пен тәртіп – адамгершілік тараразысы, көңіл айнасы» атты тақырып өте шұбаланқы, тіпті бір сөйлемді толығымен қойған. Басылым бетінде осы текстес қателіктер арагідік болса да кездесіп тұратындығы эрине, өкінішті. Қазіргі қоғам журналистерден сауаттылықты талап етеді. Себебі, қазақ тілінің мәртебесін көтеретін жүктің басым бөлігі осы мамандық иелерінің иығына артылды.

### Әдебиеттер

- 1 Сыздықова Р., Шалабаев Б. Көркем тексті лингвистикалық талдау. – Алматы: Мектеп, 1989. – 128 б
- 2 Байегіз К. Интернет ііріміне үйіріп тұр // Ақмешіт апталығы, – 2014 жыл 3 сәуір
- 3 Төремұратова А. Қазыналы тілді «базыналы» тіл етпейік // Ақмешіт апталығы. 2014, 6 наурыз
- 4 Қожахметова Г. Белсіздік белен алып тұр // Ақмешіт апталығы. 2014, 27 ақпан
- 5 Сайдулла А. Мемлекеттік рәміздерге жогары талап керек // Ақмешіт апталығы. 2013, 15 қазан

### References

- 1 Sizdiqova R., Shalabaev B. Korkem teksti lingbistikalik talday. – Almaty: Mektep, 1989. – 128 b.
- 2 Bayegiz K. Internet yirimine yyirip tur // Akmeshit aptaligi, – 2014 gil, 3 sayir
- 3 Toremyratova A. Khazinali tildi bazinali til etpeyik // Akmeshit aptaligi, – 2014 gil, 6 nayriz
- 4 Khoshakmetova G. Belsizdik belen alip tur// Akmeshit aptaligi, – 2014 gil, 27 akpan
- 5 Saidylla A. Memlekettik ramizderge jogari talap kerek// Akmeshit aptaligi, – 2013 gil, 15 kazan